



ЖАЛҚАУЛАР
ЖАЗАЛАНА МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТЕНДЕР: ТРИЛЛИОНДАР
ҚАЛАЙ ИГЕРІЛУДЕ?

8-БЕТ | САРАПТАМА



СОҚПАҚБАЕВ
ӘЛЕМІ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді. Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті. Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп тамырымен жою қажет.

№124
(4712)

Бейсенбі
17 қазан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ANTIKOR TAҒЫ ЕСКЕРТЕДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі алаяқтар жаңа әдістерді пайдаланып, қазақстандықтардың жеке дерегін иемденуге көшкенін мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Халық заңгері» акциясы аясында барлық заң консультациясы тегін негізде берілетінін еске салады. Аталмыш шара тек офлайн форматта өтеді.

«Халықты жалған ақпаратқа сенбеуге, күмәнді сілтемелерге өтпеуге, сондай-ақ қаражат аудармауға шақырамыз. Осындай қоңыраулар мен хабарламаларды алған жағдайда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына дереу хабарлауды сұраймыз» делінген ANTIKOR-дың Telegram каналындағы хабарламасында.



АСПАЛЫ КӨПІР АШЫЛДЫ

Елордадағы LRT құрылысы аясында салынған Есіл өзені арқылы өтетін аспалы көпірдің құрылысы аяқталды.

Аспалы көпірдің ұзындығы – 155 метр, ені – 14 метр, биіктігі – 28 метр. Құрылымның төменгі жағы арка ретінде, ал жүріс бөлігі темірбетон плитасынан тор түрінде жасалған. Көпір Есіл өзені арқылы өтетін қолданыстағы автомобиль көпірінің жанында орналасқан. Құрылымды жасау кезінде су деңгейі және аймақтың климаттық жағдайы ескерілген.

ӘСКЕР – ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

Елордада күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Биыл Қазақстан Қарулы күштерінің қатарын 20 мың азамат толықтырады. Жас сарбаздардың 1200-ге жуығы Астанадан шақырылады. Кеше «Ағалар ерлігі – ұрпаққа ұлағат» акциясы аясында бір топ астана-лық жас әскерге аттанды.

ELORDA INFO

19-20 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Шығыс Қазақстан,
Солтүстік Қазақстан және
Қарағанды облыстары

Қарқаралы тасжолы, 1

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Кеше Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына орай «Мықты мәслихаттар – жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың негізгі институты» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, қалалық мәслихаттың бұрынғы және бүгінгі депутаттары, өңірлердегі мәслихаттардың өкілдері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысқан жиында мәслихаттардың ел және елорда өмірі мен өркендеуіндегі үлкен орны, жергілікті өкілді органның қазіргі міндеттері туралы салиқалы да салмақты әңгіме өрбіді.





ЕКІ ЕЛ БАСШЫЛАРЫ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Ақорда резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Армения Президентін салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ваагн Хачатурян бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы президенттерге рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ваагн Хачатурян келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысы Армения Президентіне ілтипат көрсетіп, еліміздің қазақ-армян ынтымақтастығын мүлдем жаңа деңгейге көтеруге мүдделі екенін айтты.

«Бүгінгі уағдаластықтар өзара байланыстың нығая түсуіне ықпал етеді деп сенемін. Біз қазақ-армян серіктестігінің негізі саналатын жоғары деңгейдегі кездесулерімізге ерекше мән береміз. Қазақстан Армениямен достық қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Қазақ елінің армян халқына ықыласы ерекше. Армения – еліміздің сенімді әрі уақыт сынынан өткен жақын серіктесі. Біздің халықтарды берік достық, ортақ тарих және ұқсас мәдени-гуманитарлық құндылықтар байланыстырады. Екіжақты қатынастар барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Армения арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толғаны атап өтетінін, осы уақыт аралығында ауқымды институционалдық база қалыптасқанын айтты.

«Сауда-экономикалық ықпалдастықтан бөлек, қос халық арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар соны серпінмен дамып келеді. Былтыр Ереванда Армениядағы Қазақ театрының күндері өтті. Келесі жылы Сіздің еліңізде Қазақстан мәдениетінің онкүндігін ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бүгін Өзіңізбен бірге Арменияның Қазақстандағы мәдениет күндерінің салтанаты ашылу рәсіміне қатысамыз» деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Ваагн Хачатурян Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейбілді екенін жеткізді.

«Қасиетті қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын.

Қазақстанның даму және өркендеу қарқынына тәнті болдым. Екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар ұзақ жылдарға жалғасады деп сенемін. Өйткені оның тарихи тамыры тереңде жатыр. Қазақстан – біздің сенімді әрі достас серіктесіміз. Бұдан бөлек, екі ел арасындағы экономикалық байланыс табысты дамып келе жатқанын атап өткім келеді» деді Армения Президенті.

Келіссөз барысында тауарлар сауда-экономикалық, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, мәдени-гуманитарлық және цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты нығайтудың перспективаларын талқылады. Сондай-ақ аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарапы Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісімге келуі үшін Алматы алаңын алдағы уақытта да ұсынуға дайын екенін растады.

АРМЕНИЯНЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ АШЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ваагн Хачатурян Арменияның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ашылу салтанатына қатысты.

Екі ел басшылары Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Арменияның мәдениет күндеріне орай ұйымдастырылған салтанатты концертке барды. Президенттер, ең алдымен, даңқты армян кинорежиссері және суретшісі Сергей Параджановтың 100 жылдық мерейтойына арналған театр фойесіндегі фотокөрмені тамашалады. Концертте Арменияның Мемлекеттік джаз оркестрі мен Инга Аршакян, Гор Суджян секілді өнерпаздары әлемге әйгілі армян композиторлары Комитастың, Шарль Азнавурдың, Жорж Гарваренцтің және Арно Бабаджаняның

музыкалық шығармаларын орындады.

Сонымен қатар 15-16 қазан күндері Астанада Армения киносының күндері өтеді. Ал Сос Саркисян атындағы «Амазгаин» театры көрермен назарына Даниил Хармс шығармасының желісімен қойылған «Лю-Беф» спектаклін ұсынады.

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен елімізге ресми сапармен келген Армения Президенті Ваагн Хачатурян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды.

Президенттерге АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров қаржы орталығы қызметінің негізгі бағыттары және оның өңірлік бастамаларды дамытудағы үлесі туралы мәлімет берді.

АХҚО арқылы Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция көлемі 13 миллиард доллардан асқан. Оның 5,9 миллиард доллары АІХ биржасындағы портфельдік инвестиция болса, 7,3 миллиард доллары АХҚО-ға қатысушы компанияларға тиесілі. Бүгінде мұнда әлемдегі 80-нен астам елдің 3200-ге жуық компаниясы жұмыс істейді. Олардың қатарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қаржы қызметтері мен сақтандыру салаларына маманданған Арменияның 6 ірі компаниясы да бар.

Сонымен қатар АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығының қызметі, орталықтағы сот жүйесінің ерекшелігі жөнінде де ақпарат берілді. Бұдан бөлек, АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің жұмысы туралы маманданған Арменияның Орталық банкі арасында Банк және сақтандыру қызметтерін, бағалы қағаздар нарығын қарастыру және реттеу саласындағы өзара іс-қимыл туралы меморандум жасалған.

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 17 қазанда болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және Палатаның іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев алдымен өткен аптада ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXII отырысы мен I жас діни лидерлер форумын қорытындылады. Сенат төрағасы аталған іс-шаралар барысында айтылған ұсыныстар мен идеялардың маңызына назар аударып, оның бәрі 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінің панельдік сессияларында ескерілетінін тілге тиек етті.

Сенаторлар, Палатаның іс-шаралар жоспарына сәйкес,

осы аптада өтетін көшпелі отырыстардың күн тәртібін талқылады. Нақты айтқанда, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде мемлекеттік қызметті жетілдіру, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуды заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды күшейту, сондай-ақ, шаруаларды жанар жағармаймен және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша депутаттардың алдағы жұмысы сөз болды.

Бекітілген күн тәртібіне

сәйкес, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Құжат тұрғын үй қатынасы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді. Заң коммуналдық тұрғын үй қорынан мұқтаж адамдарға тұрғын үй беру немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру, тұрғын үйге жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау және тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған тағы басқа мемлекеттік қолдау шараларын белгілейді.

ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы 9 айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қаржы министрі Мәди Такиев, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Тимур Сулейменов баяндама жасады. Салалық динамика және инвестиция тарту бойынша жоспарлы көрсеткіштерден артта қалған бірқатар өңір әкімдері тыңдалды.



Ұлттық экономика министрінің деректері бойынша осы жылдың 9 айында ЖІӨ өсімі 4 пайызға жетті. Бұл көрсеткіш, негізінен, ауыл шаруашылығы (+11,4%), құрылыс (+10,1%) және сауда (+6,3%), өңдеу өнеркәсібі (+4,8%) салаларындағы оң серпінмен қамтамасыз етілген. Аталған кезеңде мұнай өндіру көлемі төмендеп кетті. Премьер-министр мұнайдан тыс секторлардың есебінен экономиканың өсуі Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес экономиканы әртарапандыру шараларының жалғасып жатқанын көрсететінін атап өтті.

АСТАНАДА ДА ТҰРАҚТЫ ӨСІМ БАР

Әкімдіктер мен министрліктердің мақсатты экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізудегі белсенді жұмысының маңызы аталып өтті. Бүгінгі таңда негізгі параметрлер бойынша Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында, Астана және Шымкент қалаларында тұрақты өсімге қол жетті. Ең төмен көрсеткіштер Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарында тіркелді.

«Артта қалған салаларды

жеделдету үшін қажетті шараларды дер кезінде қабылдап, күнделікті мониторинг жүргізу керек. Әкімдіктер өңдеу өнеркәсібін қолдауға, сондай-ақ құрылыс пен сауданы ынталандыруға баса назар аударуы қажет. Мұнда үлкен резервтер бар» деп атап өтті Олжас Бектенов.

ЖОСПАРДАҒЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТЕ АЛМАДЫ

Отырыста негізгі капиталға инвестиция тарту мәселесіне ерекше назар аударылды. 9 айдың қорытындысы бойынша 11 өңір жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізген жоқ.

«Салалық министрліктер мен әкімдіктер өнімді сату нарықтары мен экспорттық тауарларды кеңейту үшін кәсіпкерлерге тұрақты түрде қолдау көрсетуге тиіс. Өндірістерді Қазақстанға көшіру үшін шетелдік кәсіпорындарды іздеп тауып, осында орналасқан өндірістерде локализацияны арттыруға жәрдемдесу керек. Жыл соңына дейін негізгі капиталға салынатын инвестициялар бойынша нысаналы индикатордың орындалуын қамтамасыз ету қажет. Бәріңізге осындай міндет қойып отырмын» деп тапсырма жүктеген Олжас

Бектенов, негізінен, өңдеу секторы, агроөнеркәсіп, көлік және логистика, сондай-ақ сумен және электрмен жабдықтау салаларын ерекше назарға алу керектігін атап өтті.

ИНФЛЯЦИЯ ӨСТІ МЕ, КЕМІДІ МЕ?

Инфляция деңгейін бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Премьер-министр өңір әкімдеріне әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандыру жұмысын жалғастыруды тапсырды. Қыркүйек айында инфляция 8,3 пайызға дейін баяулады. Басым міндеттердің бірі отандық тауар өндірушілерді қолдау және қазақстандық қамту үлесін арттыру болып қала бермек. Премьер-министр өсу әлеуеті жоғары шағын және орта кәсіпорындарды қолжетімді қаражатпен қамту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар Өнеркәсіп, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері «Атамекен» палатасымен бірлесіп, отандық тауарларды қолданудың тиімді мониторингін қамтамасыз етуі қажет. Қаражатты игеру бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қаржылық тәртіпті күшейту тапсырылды.

ӘСКЕР – ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ



Кеше Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Астанадағы «Бейбітшілік және келісім» сарайында «Ағалар ерлігі – ұрпаққа ұлағат» акциясы – 2024 жылғы күзде әскер қатарына шақырылған жастарды шығарып салу салтанатты рәсімі өтті.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Жастардың әскери-патриоттық сезімін асқақтатып, әскери қызметтің беделін одан әрі көтеру мақсатында өткен бұл іс-шараға ҚР Қорғаныс министрінің өкілдері, ҚР ҚК ардагерлері, генералдар мен офицерлер, қала мектептерінің оқушылары және «Жас сарбаз» жасөспірімдер мен балалар ӘПК тәрбиеленушілері, курсанттар мен мерзімді әскери қызметшілер, әскери кафедра студенттері қатысты.

Салтанатты жиналыста 2024 жылғы көктемгі су тасқынына қарсы іс-шараларға белсенді қатысқан мерзімді әскери қызметшілерге ҚР Қорғаныс министрінің бағалы сый-

лығы беріліп, мерзімді әскери міндетін үздік атқарған сарбаздарға білім гранты тапсырылды. Сондай-ақ акция



БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ТИІМДІ ЖҰМСАҒАН ЖӨН

Бюджет қаражатын үнемдеу, оның мақсатты жұмсалуды қадағалау, қаржы құжаттарының дұрыс рәсімделуі, мемлекеттік мекемелерде кездесетін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік сатып алу кезінде құқық бұзушылыққа жол бермеу үшін ҚР Қаржы министрлігі, Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде кеңейтілген семинар-кеңес өтті.



**Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ**

Жиынға жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен білім беру мекемелерінің бас есепшілері, квазимемлекеттік сектор қызметкерлері қатысты. Елімізде жыл аяқталар тұста мемлекет қаржысын мақсатсыз пайдалануды болдырмау үшін барлық бюджеттік шығысқа мониторинг күшейді.

«Кеңейтілген семинардың мақсаты – бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға мүмкіндік беретін талаптар мен сыбайлас жемқорлық нормаларын болдырмау, мемлекеттік бюджетті орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бюджет заңнамасына өзгерістер енгізу үшін

пікір алмасу. Сонымен қатар 2025-2027 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру бойынша жұмыстың басталуы қарсаңында мемлекеттік бюджетті атқару кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларға ерекше назар аударылмақ» дейді ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы Гүлмира Унербекова.

Астана қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті превенция басқармасының офицері Әйгерім Аңсағанова жүйедегі жемқорлыққа қарсы қабылданған заңдар мен өзгерістер туралы кеңінен түсіндірді. Айтуынша, әсіресе білім саласында анықталған жемқорлық мемлекетке едәуір шығын әкелген. Мәселен, соңғы 4 жыл ішінде 22 адам сот-

аясында әскери техника мен қару-жарақ түрлері, әскери киім-кешек үлгілері көрмесі өтіп, арнайы мамандар жастарға жан-жақты мағлұмат берді.

– Көрмеге қатысып, көп мағлұмат алдым. Әскер – елдің қорғаны, әскеріміз күшті, қаруларымыз қуатты болса, ел іргесі де тыныш болады. Ағаларымыз мерзімді әскери міндетін өтеу үшін аттанып барады. Ертең кезек бізге де келеді. Міндетімді абыроймен өтеп қайтуға мен де іштей дайындалып жүрмін, – дейді М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия оқушысы Әртелбек Ақжан.

Қазақстанда 18-27 жас аралығындағы барлық жас жігіт Отан алдындағы азаматтық парызы мен міндеті – әскери қызметке шақырылады. Биыл сарбаздарға арналған артықшылықтар заң жүзінде бекітілді. Оларға қызмет ету кезінде және әскерден босатылғаннан кейін 2 ай уақытқа несиелік демалыс беріледі. Бүгінгі таңда 6 мыңнан астам әскери қызметшінің 1 млрд 828 млн теңге сомасындағы төлемі кейінге қалды. Отан алдындағы борышын өтеген азаматтарға студенттік жатақханадан орын беру жеңілдігі де қарастырылған. Қазір әскерде қызмет еткен 1500-ден астам азамат жоғары оқу орнына тегін, ал ақылы түрде 700-ден астамы оқуға түсті. Осы жылдың көктемінде запасқа шыққан 400-ден астам әскери қызметші келісімшарт бойынша әскери қызметке орналасты.

Астана қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің базасында Түркия, Үндістан, Корея, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдері мамандарының басын қосқан «AstauFest-2024» V халықаралық гастрономиялық фестивалі өтті.

ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ



Іс-шара Астанадағы тамақтандыру, қызмет көрсету саласы бойынша білім алып жатқан студенттер мен оқытушыларға арналды. 300-ден астам адамды қамтыған іс-шара қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласына заманауи технологияларды енгізу, кәсіби тәжірибені тарату, көбейту мақсатында ұйымдастырылды. Қатысушылар үшін халықаралық чемпионаттардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары «Кондитерлік өнімдер» және «Нан пісіру шеберлігі» тақырыбында шеберлік сағатын ұйымдастырды. Сондай-ақ

«2024 жылдың бас аспазы», «2024 жылдың бас кондитері», «Chocolate show», «Sugar show», «Mastic show», «2024 жылдың наубайшысы», «Бар қызметі», «Slowfood» дәм зертханасы сынды номинациялар үшін жарыс өтті. Қорытындысында Астана қаласының Қазтұтынуодағы жоғары колледжінің студенті Әміржан Қайролла және жетекшісі Айым Құмарбековаға «Жеңіске деген жігері үшін» арнайы жүлдесі мен Анталья қаласына жолдама табысталды.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТЕДІ

Кеше Астана қаласы Сарыарқа ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы халықтың әлеуметтік осал топтары арасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру жұмысын жүргізді.



Қауіпсіздік деңгейін арттыру, ықтимал өрт қаупін болдырмау мақсатында жалғызбасты және көпбалалы аналардың үйіне тексеру жүргізіліп, уақытты әрекет етуге көмектесетін түтін және көміртегі тотығын анықтайтын датчиктер орнатылды.

– Сарыарқа ауданы бойынша жыл басынан бері 57 өрт оқиғасы тіркелді. Оның ішінде газбен уланып қайтыс болған 1 адам, улы газбен уланып, жарақат алған 2 адам тіркеліп отыр, 15-і бақылаудағы объектілерде, 28-і тұрғын үй секторында, 11-і автокөлікте орын алды. Сондықтан

бақылауды күшейтіп, улы газ датчиктерін орнатып, әр отбасын назарға аламыз. Әрине, тұрғындардың да өз жауапкершілігі болғаны маңызды. Біз барынша оларға түсіндіру жұмысын жүргіземіз, – дейді Астана қаласы Сарыарқа ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Рамазан Миерманов.

Үш баласы бар жалғызбасты ана Нұрсұлу Сманова бүгінгі таңда қауіпсіздікті күшейтіп жатқан Төтенше жағдайлар басқармасының өкілдеріне алғысын жеткізді.

БҰЗАҚЫЛАР ҰСТАЛДЫ

Бас қалада қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күрес жалғасып жатыр. Астана полициялері кезекті вандалдарды анықтап, жауапкершілікке тартты.

11 қазан күні сағат 09:40-та 20 жастағы жігіт Ақан сері көшесіндегі шлагбаумды өз бетінше көтеруге тырысып, оны зақымдаған. Вандал әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Құқық қорғау органдары есірткі жарнамасының QR-коды бар 53 парақшаны қалаға жапсырған жас жігітті ұстады. Сот оны 1 жылға бас бостандығынан айырды. Белгілі болғандай, сотталушы нақты не жарнамалайтынның білген. Прокурорлар мұндай әре-

кет үшін 6 жылға дейін темір торға тоғытуға болатынын айтады.

Естеріңізге сала кетейік, жыл басынан бері Астанада еріктілер, белсенділер, танымал спортшылар мен қала тұрғындары қолдайтын «Тоқта, вандал!» акциясы аясында профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Іс-шараның мақсаты – вандализмнің кез келген көрінісін болдырмау және елордада тазалық пен тәртіпті сақтау.

Торғын АМАН

№124 (4712) 17/10/2024 Бейсенбі

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конференцияға қатысушыларға Астана қаласы Мемлекеттік архиві елорда мәслихаты тарихынан сыр шертетін және одан арғы кезеңдердегі Мемлекеттік дума, Халық депутаттары кеңесі дәуіріндегі суреттерден фотокөрме ұсынды. Бейнеролик көрсетіліп, онда бас қала мәслихатының қалыптасуы, барлық шақырылымда атқарылған жұмыстар, бүгінгі тынысы қамтылды.

Жиынды жүргізген Астана қаласы мәслихатының V, VI және VII шақырылымдарының депутаты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов жуырда елордада Апапат партиясының бастамасымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының II республикалық форумы өткенін, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты» деп атап өткенін еске салды.

– Республика мәслихаттарының бір тармағы – Астана қаласы мәслихаты. Елорда депутаттары қаладағы біраз мәселенің шешілуіне атсалысып, халыққа қызмет етуден асқан абырой жоқ екенін жете түсініп, дәлелдеп келе жатыр. Қазір еліміздің бас қаласы саяси тұрғыдан, экономикалық жағынан да өрлеп, Орта Азиядағы дамып жатқан астананың бірі де бірегейіне, әлемде аты шыққан әдемі астаналардың біріне айналып келе жатыр, – деді Ерлан Сыдықов.

Елорда мәслихатының бүгінгі тынысы, атқарылып жатқан жұмысы, алдағы міндет-жоспарларымен Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов таныстырды.

– Бүгінгі мәслихат – ел заңнамасына сәйкес Астана халқының еркін биліретін және мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны жүзеге асыру үшін қажетті шараларды анықтап, олардың орындалуын қадағалайтын өкілді орган. Мерейтойлық жылға біз белгілі бір оң нәтижелермен жетіп отырмыз. Басты міндетіміз – еліміздің бас қаласындағы өмірді жайлы және қауіпсіз ету. Бұл үшін барлық мемлекеттік органмен және жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен белсенді ынтымақтастық орнатты. Елордалық мәслихат депутаттары үшін сайлаушылармен өзара іс-қимыл барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Біз кездесулер мен қабылдаулар кестесін әзірлеп, бекіттік, – деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, бірмандатты сайлау округтерінде, өз партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде және былтыр арнайы ашылған қалалық мәслихаттың қоғамдық қабылдауында айына үш қабылдау өткізеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселелерді талқылауға тарту қажет» деп атап өтті. Бұл қағидатты азаматтық қоғамды қалыптастырудың басым бағыты ретінде қарастыру керек. Бүгінгі таңда халық қалаулыларының өз сайлаушыларына есеп беруі бойынша енгізілген реттеулер олардың халықпен тығыз байланыс орнатуына және жұмыстарының ашықтығын арттыруға кең мүмкіндіктер ашты, – деді Астана мәслихатының төрағасы.



ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР



Ерлан Каналимов кадрлық мәселелерді шешу мақсатында «Жастар мәслихаты» жобасы іске қосылғанын атап өтті. Бұл жоба аясында ең белсенді жас қала тұрғындары таңдалды. Бүгінгі таңда олардың көпшілігі депутаттардың қоғамдық көмекшілері ретінде қызмет атқарып, жұмысқа орналасып, жалақы алып жатыр.

– Ең өзекті мәселелердің бірі – бюджетті қалыптастыру және оны тиімді бөлу. Осыған орай, біз мемлекеттік органдардан келіп түсетін бюджеттік өтінімдерді бюджет комиссиясының келісімі мен бекітуіне дейінгі кезеңде қарау тәжірибесін қабылдап, сәтті жүзеге асырып келеміз. Бюджет мәселелері қаралмай тұрып, екі ай бұрын бүкіл өтінімді саралап, шығындардың басым бағыттары анықтаймыз, сондай-ақ әлеуметтік нысандардың құрылысын аяқтау сияқты маңызды жобаларды қаржыландыру

бойынша қала әкіміне тиімді ұсыныстарды әзірлейміз. Елордадағы салалық мәселелерді шешу мақсатында арнайы үш жылдық кешенді даму жоспарларын қабылдадық. Әкімдікпен бірлесіп, түрлі салаларда бірнеше үш жылдық кешенді даму жоспарлары әзірленіп, жүзеге асып жатыр. Мысалы, денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша кешенді жоспар аясында құрылыс басталғаннан бері жөндеу жүргізілмеген медициналық нысандарға күрделі жөндеу қолдау тапты, барлық емхананың жаңартылған корпусы күрделі жөндеуден өтіп, тұрғындарға есігін айқара ашты, – деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, VIII сайланымның жұмысы басталғаннан бері 2023-2025 жылдарға арналған қылмысқа қарсы күрес,

қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге аса бастады. Бұл жоспар қажетті көлік құралдарын сақтық алу, учаскелік және модульдік полиция бекеттерінің құрылысын, бейнебақылау камераларын орнатуды, спорт кешендерінің күрделі жөндеуін және басқа да шараларды қамтиды. Осындай жоспарды Төтенше жағдайлар департаменті де сәтті жүзеге асыруда. Қалалық мәслихат елордада биік гимараттар көп екенін ескеріп, арнайы техника мен жеке құрамға арналған арнайы жабдықтармен қамтамасыз етіп отыр. Бас қалада бүгінгі таңда мәдениет және спорт саласын дамыту бойынша іс-шаралар жоспары, сондай-ақ «Белсенді ұзақ өмір» бағдарламасы әзірленіп, табысты іске асуда.

– Жоспарлы іс-шаралармен қатар, қалалық мәслихат апта сайын 3-4 рет көшпелі отырыс

өткізіп, жергілікті жерлердегі жағдаймен танысып, ұжымдармен және мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер өткізеді. Олардың нәтижелері бойынша кеңейтілген отырыстар ұйымдастырамыз. Бұл шаралар бізге мәселенің мән-жайын тез арада анықтап, тиісті талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі шешімін тапты деп сенімді түрде айта аламын. Қалған мәселелер депутаттардың ерекше бақылауында, – деді Ерлан Каналимов.

Мәслихат төрағасының мәлімдеуінше, VIII шақырылымның алғашқы жылында 120-дан астам көшпелі жиын өтті. Бұл жиындарда әлеуметтік салаға қатысты көптеген мәселе шешілді. Елорда халқының өсуіне қатысты алғашқы болжамдар ескіріп кеткендіктен, қалалық мәслихат Бас жоспарға айтарлықтай өзгерістер енгізді. Биыл Астана мәслихаты облыстық мәслихаттардағы әріптестермен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қоюдың бастамашысы болды. Соның ішінде Павлодар және Маңғыстау облыстарының мәслихаттарымен инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру, тәжірибе және ақпарат алмасу келісілді.

Ерлан Каналимов елорда мәслихаты халықаралық деңгейде ауқымды жұмыстар атқарып жатқанын айта келе, осыған тоқталды. Кейінгі екі шақырылымның жұмысы барысында қалалық мәслихат депутаттары Еуропаның және Азияның бірқатар елдеріне сапар шекті. Марокко, БАӘ, Түркия, Австрия, Германия және Ресей Федерациясы қалаларының басшыларымен ынтымақтастық және тәжірибе алмасу бойынша меморандумдарға қол қойды. Биыл желтоқсан айы-

да Мәскеу қалалық Думасымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жоспарланды.

Жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірінде және елордада да мәслихаттардың 30 жылдығына арналған мәдени және спорттық іс-шаралар өтіп жатқанын, депутаттар қайырымдылық акцияларының бастамашыларына айналғанын айтқан Ерлан Каналимов бұрынғы және қазіргі әріптестерді мәслихаттардың мерейтойымен құттықтады.

– Бұл жыл, ең алдымен, елорда мен бүкіл ел тұрғындары үшін пайдалы істермен есте қалады, – деп түйіндеді сөзін Астана мәслихатының төрағасы.

Мәслихаттардың мерейтойына орай алыс және жақын шетелдерден бейнеқұттықтаулар жіберіліп, елорданың бұрынғы әкімдері Әділбек Жақсыбеков, Бақыт Сұлтанов, Алтай Көлгінов бейнеқұттықтау жолдады. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтауын оның орынбасары Есет Байкен оқып берді.

– Мәслихат жергілікті өзін-өзі басқару саласында маңызды рөлге ие. Бұл – халық пен билік арасындағы алтын көпір, қоғамның сөзін айтып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын сенімді саяси институт. Астана қаласының мәслихаты елордамыздың өркендеуіне зор үлес қосып келеді. Мәслихат депутаттары қала халқының тұрмыс сапасын жақсартуға атсалысып, ел мүддесі жолында тындырымды еңбек етуде. Қабылданған әрбір шешімде халықтың мүддесі, елдің болашағы басты назарға алынады. Мәслихат депутаттары алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет етіп, абырой биігінен көрінеді деп сенемін. Мерейтойларыңыз құтты болсын! Елорданың жарқын болашағын бірге құрайық! – делінген қала әкімінің құттықтауында.

Мәслихаттардың тарихы, ел және елорда тынысындағы орны, міндеттері, қызметін жетілдіру бойынша пікірлері мен ұсыныстарымен «Қазақстан мәслихат депутаттары» республикалық қоғамдық қорының төрағасы Телеубек Мұқашев, Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының басшысы Әбікен Тоқтыбеков, Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Башимов, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Сапар Ахметов, Maqsut Narikbayev University Конституциялық және саяси зерттеулер институтының директоры, қауымдастырылған профессор Индира Әубәкірова бөлісті. Ұлттық экономика министрлігінің өңірлерді талдау және жергілікті өзін-өзі басқару департаментінің директоры Махамбет Мыңбаев ел экономикасын, соның ішінде өңірлерді дамыту бойынша Үкімет қабылдаған шаралармен таныстырды.

Астана қаласы мәслихатының бұрынғы және қазіргі бір топ депутаты ведомстволық наградалармен марапатталды. Соның ішінде Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовқа Парламент Сенаты төрағасының Құрмет грамотасы тапсырылды.

Астана қаласы мәслихатының II және VI шақырылымдарының депутаты Рамзия Өмірбаева, қалалық мәслихаттың V, VI және VII шақырылымдарының депутаты Ерлан Сыдықов, Астана мәслихатының II, III және VIII шақырылымдарының депутаты Бауыржан Смайылов, қалалық мәслихаттың VI, VII және VIII шақырылымдарының депутаты Алтыншаш Табулдина «Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты» төсбелгісімен марапатталды.

Конференция аясында Мәңгілік ел даңғылындағы гулзарда «Астана қаласы мәслихатының 30 жылдығы» аллеясы ашылып, I-VIII шақырылым депутаттары аллеяға ағаш екті.



Төлеу
ТІЛЕУБАЙ**600 МЫҢ ТЕҢГЕНІ
МЕНСІНБЕЙДІ**

Үкімет сағатында Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев Светлана Жақыповаға: «Бір сақманның өзіне фермерлер қаншама адам таба алмай жатады. Қаншама жұмыс дайын тұр, бос орын бар. Бірақ ауданда жұмыссыз деп тіркеліп, мемлекеттен көмек алып отырғандар көп. Жалпы ауыл тұрғындарын жұмыс-

**5 ЖЫЛДАН KEЙІН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА
КЕЛУШІЛЕРДІҢ САНЫ 350 МЫҢҒА
ДЕЙІН БАРАДЫ ДЕЙДІ. 2030 ЖЫЛҒА
ҚАРАЙ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ҮЛКЕН ҚЫСЫМ
ЖАСАЛАДЫ. ОЛ НЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ?
ӘРИНЕ, БІРІНШІДЕН – ДЕМОГРАФИЯ,
БЕБИ-БУМЕРЛЕРДІҢ ӘСЕРІ. ЕКІНШІДЕН
– ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫНЫҢ АРТУЫ**

сыз деп есептеу қаншалықты орынды? Иә, егер мүгедектігі бар азаматтар болса, жұмыс істеуге ешқандай мүмкіндігі болмаса, көпбалалы болса – онда түсінікті. Бірақ он екі мүшесі сау, жұмыс істей алатын азаматтар өтемақпағаны отырып алған. Жұмыс көп, ешкім бармайды. Бізге бұл жалқаулықты, теріс дүниені насихаттамай ма? Жұмыссыздық бойынша өтемақы төлеу саясатын әрі қарай қалай жүргіземіз?» деген өткір сұрақ қойды.

Құзырлы ведомство басышы қазіргі кезде жалқау қазақстандықтардың 600 мың теңге жалақыны менсінбейтінін мысалға келтіріп, сауалға тұшымды жауап берді. Ол жұмыс істегісі келмейтіндерді жазалау тетіктерін күшейтуді ұсынды.

«Біріншіден, әлеуметтік төлемдер әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Азамат жұмыстан босатылып, жұмыссыз отырған кезде 6 ай ғана төленеді. Басқа азаматтарға өтемақы төленбейді. Республикалық бюджеттен ондай төлемдер жоқ. Мысалы, Солтүстік Қазақстандағы Сергеевка ауылына дәнекерлеуші керек, еңбекақысы 600 мың теңге. Сондай жерге бармай жатқан азаматтар бар. Бізде, біріншіден, бұл отбасынан басталады. Балаға еңбекке деген ынта отбасында берілуі керек. Қытай отбасыларына қарасаңыздар, балалар қазір екі ауысымда оқиды, мектепте ұйықтайды екен. Жас кезінен бастап жұмысқа үйренген. «Жұмысқа шығыңыз, 300 мың теңге береді сізге» дегенде білігі, білімі жоқ азаматтар 800 мың теңге жалақы сұрайды» деді С.Жақыпова.

**ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР
МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕ МЕ?**

Мәжіліс депутаты Дания Еспаева жыл сайын еңбек на-



ЖҰМЫС ІСТЕГІСІ КЕЛМЕЙТІНДЕР ЖАЗАЛАНА МА?

Мәжілісте «Қазақстанның еңбек нарығын дамыту және кадрлық әлеуетін нығайту» деген тақырыппен Үкімет сағаты өтті. Депутаттардың алдында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова бірқатар өзекті мәселені айтты.

рығына 300 мың жұмыссыз жас қосылатынын, бұл мәселені алдағы уақытта шешу мүмкіндігі болмайтынын ашық айтты.

«Ерекше алаң тудыратыны – жастардың жұмыссыздығы. Бұл проблема еңбек нарығына жастардың жыл сайынғы 300 мыңнан астам болжамды ағыны есебінен қиындайды. Проблемалар білім беру жүйесінен еңбек нарығына көшу сатысында басталады, мұнда жастар білім беру арқылы не өз дағдысын жетілдіре алмайды, не жұмысқа орналасу арқылы тәжірибе жинай алмайды. Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру үшін мемлекет жыл сайын жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқу үшін грант береді» деп түсіндірді ол.

Депутат өткен жылы колледж түлектерінің бар-жоғы 40 пайызы ғана жұмысқа орналасқанын, қалғаны жұмыссыздар қатарын толықтырғанына тоқталды.

«Биыл жоғары оқу орындары – шамамен 74 мың, ал колледждер 143 мың жаңа студентті қабылдады. Алайда оқуды аяқтағандардың барлығын жұмысқа орналастыру

үлкен алаңдаушылық туғызады. Айталық, 2023 жылы мамандығы бойынша колледж түлектерінің 40 пайызы жұмысқа орналасты. Бұл ретте, өкінішке қарай, мемлекеттік органдар жоғары оқу орындарының барлық түлегінің жұмысқа орналасуының нақты жағдайымен таныс емес. Бұл түлектердің жұмыссыздар қатарын толықтыруына немесе кез келген жерде жұмыс істей беруіне алып келеді. Олардың бір бөлігі мемлекеттік қолдауға қайта жүгінуге мәжбүр, оған тағы да бюджет қаражаты жұмсалады» деп қыңжылды ол.

**ӘРБІР ТӨРТІНШІ
АДАМНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ
ЖАРНАСЫ ЖОҚ**

Светлана Жақыпова отандық еңбек нарығындағы осал тұстарға айрықша тоқталып, мәселенің мәнісін ашық айтты. Мәселен, еліміздегі әрбір төртінші адамның міндетті зейнетақы жарнасы жоқ көрінеді.

«2023 жылы нақты зейнетақы аударымдарының деректері бойынша есептелген еңбекақы төлеу қорының көлемі 20 трлн

теңгені құрады. Өз кезегінде, Ұлттық статистика бюросының бағалауына, еңбекақы төлеу қоры екі есеге жуық – 38 трлн теңге. Еңбекақы қоры бойынша үлкен қысым жасалады. Ол неге байланысты? Әрине, біріншіден – демография, беби-бумерлердің әсері. Екіншіден – өмір сүру ұзақтығының артуы. Бұдан бөлек, 2031 жылға қарай әйелдердің зейнетке шығу жасы 63 жасқа ұзаруына байланысты еңбек нарығында 50 мыңға жуық адамның қалуы, сонымен қатар автоматизацияның қарқынды дамуы. Осының барлығы еңбек нарығына үлкен әсер етіп, жаңа жұмыс орындарын қажет етеді» деген ойын жеткізді А.Аймағамбетов.

**ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІНЕ
КҮМӘНДАНАМЫН**

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов жұмыссыздық бойынша Үкіметтің жүргізетін есебі күмән тудыратынын жасырмай айтты.

«Үкіметтің есебіне сәйкес, жыл сайын шамамен 900 мың адам жұмысқа орналасады екен. Сонда жыл сайын 1 млн-

ға жуық адам жұмысқа орналасса, жұмыссыздық деңгейі неге өзгеріссіз қалып отыр деген сұрақ мазалайды. Мынадай қарқынмен жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесі әлдеқашан шешілуі керек еді. Ең қызығы, соңғы 10 жылда жұмыссыздық 4,5-4,7 деңгейінде өзгермей тұр. Жұмысқа орналастыру статистикасымен таныссақ, тіпті арифметика заңдарына күмәндана бастайсың. Өздеріңіз ойлаңыз көріңіздерші, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 963 мың адам жұмысқа орналасқан екен. Ал бірақ жұмыссыздардың саны 445 мыңнан аспайды. Сонда жұмысқа мұқтаж адамдардың санынан екі есе көп адам жұмысқа орналасты деген сөз бе?! Әрине, сұрақ өте көп» деді депутат.

Оның пайымдауынша, бұған дейін еңбек нарығына жыл сайын 200 мың адам келетін, ал қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 250 мыңға жетіп қалды.

«5 жылдан кейін еңбек нарығына келушілердің саны 350 мыңға дейін барады дейді. 2030 жылға қарай еңбек нарығына үлкен қысым жасалады. Ол неге байланысты? Әрине, біріншіден – демография, беби-бумерлердің әсері. Екіншіден – өмір сүру ұзақтығының артуы. Бұдан бөлек, 2031 жылға қарай әйелдердің зейнетке шығу жасы 63 жасқа ұзаруына байланысты еңбек нарығында 50 мыңға жуық адамның қалуы, сонымен қатар автоматизацияның қарқынды дамуы. Осының барлығы еңбек нарығына үлкен әсер етіп, жаңа жұмыс орындарын қажет етеді» деген ойын жеткізді А.Аймағамбетов.

Депутат елімізде мамандар өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтініне нақты мысалдар келтірді.

«Жуырда таксиде келе жатып жүргізушімен әңгімелестім. Оның аты – Сержан, өте ақкөңіл адам. Бұған дейін ол инженер-гидролог болып жұмыс істепті. Ол білімі мен өз мамандығы, су ресурстарын басқару туралы әңгімесін майын тамызды. Бір уақытта менің сұрақ қоятынды түсінді ме, білді ме, әңгімесін тоқтатты. Ол «Әзіңіз түсінесіз ғой. Менің отбасым бар. Мойнымда кредиттер бар. Сондықтан өз мамандығымды қаншалықты жақсы көрсем де, инженер-гидролог боп алысқа бара алмайсың» деп ақталуға тырысты. Әрине, бұл оқиға бір адамның басынан өткен жағдай емес, ол еңбек нарығындағы түйткілді мәселенің көрінісі деп айтар едім. Біз мамандар жетіспейді дейміз, бірақ гранттарды игеру кезінде мынадай жағдай болып отыр. Мысалы, гидромелиорация мамандығына бөлінген гранттарға бірде-бір адам өтініш бермеген. Яғни конкурста нөл адам болды. Көлік құрылысы бойынша бөлінген 300 гранттың тек 29-ына адам қабылданды. Яғни бір

грантқа 0,1 адам келіп отыр. Бұл мысалдар кадр тапшылығы күрделі мәселе екенін айқын көрсетеді. Яғни проблема тек грант санында, әлде оның дұрыс бөлінбеуінде ғана емес. Тіпті оларды дайындайтын колледждер мен университеттердің болмауында немесе олардың оқыту сапасында емес екені барлығымызға анық деп ойлаймын» деді ол.

**НЕСИЕ ТӨЛЕУДЕН
ҚАШҚАНДАР, ҮЙІ
ЖОҚТАР КӨП КЕЛЕДІ**

Үкімет сағатында солтүстікке көш туралы депутаттардың сауалына жауап берген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі солтүстіктегі өкімдердің оңтүстіктен көшіп келетіндерге көңілі толмайтынын айтты.

«220 мың азамат ауылды жерден кетті. Қазір ауылға барып жатқан азаматтар аз – бұл бағытта статистика өте төмен. Оңтүстік өңірлерден солтүстікке көшіріп жатырмыз ғой. Қоныс аударушылардың санына қарасақ, сапасы да төмендеу. Әкімдермен сөйлесек, олардың өзі наразылық білдіреді. «Келетін кісілердің жұмыс күші өте төмен» дейді. Неге деп сұрасақ, «кредиттен қашқан, үйі, білімі, оқуы жоқ азаматтар келіп жатқаны көп» дейді. Сол себепті нормалар мен жаңа формаларды енгізу керек. Маусымдық вахта мен мобильді кәсіпкерлікті дамытқан абзал» деді ол.

**«ЗАҢСЫЗ
ЖҮРГЕНДЕРДІ
ҮЙГЕ ҚАЙТАРЫҢДАР!»**

Светлана Жақыпова Оңтүстік Корея тарапы заңсыз жүрген қазақстандықтар жайлы тың мәліметтермен бөлісті. Ол кәріс билігі Қазақстанға үш талап қойып отырғанын мәлімдеді.

«Кореяның мемлекеттік органдары біз даярлаған келісімшартқа келісімін берді. Қазір ол келісімшарт Оңтүстік Кореяға Сыртқы істер министрлігі арнасымен жіберілді. Қазір сол жақта қарастырылып жатыр. Жазда Оңтүстік Корея президенті келген кезде екі елдің еңбек министрі меморандумға қол қойды. Сол меморандумға сәйкес, өзара құжат алмасылп жатырмыз. Оңтүстік Корея тарапы Қазақстанға үш талап қойып отыр. Біріншісі – Кореядағы елшілікте атташе лауазымын енгізу. Екінші талабы – 15 мыңға жуық Қазақстан азаматы сол елде заңсыз жүр. Сол азаматтарды жетіспейді дейміз, бірақ гранттарды игеру кезінде мынадай жағдай болып отыр. Мысалы, гидромелиорация мамандығына бөлінген гранттарға бірде-бір адам өтініш бермеген. Яғни конкурста нөл адам болды. Көлік құрылысы бойынша бөлінген 300 гранттың тек 29-ына адам қабылданды. Яғни бір

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ЖЕЛІДЕГІНІҢ БӘРІ ЖҰРТТІКІ МЕ?

Қазақстанда «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң» бар болғанмен, жұрттың бәрі бұл заңды толық түсініп, оның маңызына мән бере бермейді. Сосын да біздің елде меншік иелерінің құқығы жиі бұзылып жатады. Әсіресе әлеуметтік желі өміріміздің бір бөлігіне айналғалы біреудің туындысын рұқсатсыз пайдалану, біреуден-біреуге тарата беру сәнге, қалыпты әдетке айналған. Алайда меншік иесі мұны қаузап, сот арқылы авторлық құқығын қорғаса, рұқсатсыз пайдаланған адамның жығынды болары даусыз.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазір не іздесеңіз де әлеуметтік желіден табуға болады. Әдеби шығарма, ән-күй, фотосурет, май боялуы сурет дейсіз бе, қажетіңіз түссе, Google-ға жүгінсеңіз бір минуттың ішінде бәрін тауып алуға болады. Бірақ әлеуметтік желіде, мәлім бір сайтта тұр екен деп біреудің дүниесін беталды пайдалана бермеген жөн. Өйткені әлеуметтік желідегі шығармалардың бәрі кез келген адам пайдалана беретін тегін жатқан дүние емес екен. Авторы қаузаса, әлеуметтік желіден алып, өз жеке парақшаңызда пайдаланған фотосуретке де төлем төлейсіз. Оның үстіне қазір фотографтар көркем фотоларды,

салт-дәстүрге, киім-кешекке қатысты фотоларды, керек десеңіз, айқасқан екі қолды, құшақтасып тұрған екі адамды немесе жапырақты, өзен-суды, әдеттегі жай нәрселердің фотосын да түсіріп, әлеуметтік желіге салып қояды. Белгілі бір медиамен келісімшарт жасап, тек соларға ғана сатып отыратын фотографтар бар. Егер бір азамат осы фотоларды өзінің керегіне қосымша ретінде пайдаланып, баспа беттерінде жарияласа немесе әлеуметтік желіде өз материалының мазмұнын ашып, маңызын арттыру үшін пайдаланса, бұл – авторлық құқыққа қол сұғу. Мейлісіз әлеуметтік желіден алып, сол сайттың атын және сурет авторын жазып қойсаңыз да, сурет иесінен ауызша немесе жазбаша келісім алмасаңыз, ол бәрібір

авторлық құқықты белден басу екен. Бұрын фотографтар бұл мәселеге оншалықты назар аудармайтын. Бірақ соңғы кездері авторлық құқықты ақша табудың көзі еткендер көбейді. Яғни олардың кейбірі өзі түсірген фотосуретін әлеуметтік желіге салып қояды да, «кім рұқсатсыз пайдаланады екен?» деп қарап отырады. «Бір фотосын қоя салсам не болады? Мені қайдан біліп жатыр?» деп ойламаңыз, кім пайдаланды, кім өз фотосын қиып істетті, Google-ға салса бәрі шыға келеді. Оның үстіне олар авторлық құқығын қаузаған жағдайда, әдетте сатып алсаңыз 5000 теңге шамасында болатын фотосуретті ол 500 мыңға бағалауы мүмкін. Өйткені көркемөнер туындыларының нақты бір бағасы жоқ. Сондықтан сақ болайық...

№124 (4712) 17/10/2024 Бейсенбі

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР – ПІКІРСАЙЫС ҮЗДІКТЕРІ

Елорданың әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Биылғы жылы аталған турнирге қалалық және облыстық кезеңдерден жеңімпаз болып танылған 180 оқушы қатысты.

Әр өңірден қазақ, ағылшын, орыс лигалары бойынша 9 адам жолдама алды. Турнир пікірсайыстың Дүниежүзілік мектеп форматы (WSDC) бойынша ұйымдастырылды. Екі күн бойы қатысушылар іріктеу және қорытынды ойындарда бақ сынасты.

Министр Гани Бейсембаев көшбасшылық қабілет пен сыни ойлауды қалыптастыруда пікірсайыстың алатын орны ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, жыл сайын дебаттық қозғалыстарға қызығушылық білдіретін балалардың саны да артып



келеді. Биыл өңірлік кезеңге 81 мыңнан астам оқушы қатысты, бұл өткен жылғы қатысушылар санынан 30 мыңға артық.

«Пікірсайыс – тек жарыс алаңы ғана емес, бұл өз ойын еркін білдірудің, пікір алмасудың тамаша құралы. Сіздер өз білімдеріңізді дәлелдеп қана қоймай, сондай-ақ топ

мүшелерімен бірігіп жұмыс істеу, өзгелердің пікіріне құлақ түру, мәмілеге келу секілді өмірлік маңызды дағдыларды меңгердіңіздер. Осы алаңда алған тәжірибелеріңіз алаңдағы уақытта биік мақсатқа ұмтылуларыңыздың алғышарты болсын деп сенемін» деді министр.

Байқау нәтижесінде III

орын Ақтөбе, Қарағанды облыстарына берілді. II орынды Алматы облысы, Шымкент және Алматы қалалары бөлісті. Ал I орынға Астана, Алматы қалалары мен Қарағанды облысы лайық деп танылды. «Үздік спикер» аталымы бойынша Астана қаласының Зерделі халықаралық мектебінің оқушысы Алияхан Айтбаев жеңіске жетті.

ЖАС САРБАЗ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫ



Қарулы Күштердің Ұлттық әскери патриоттық орталығында астаналық №71 мектеп-лицейі тәрбиеленушілерінің «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі қатарына қосылу рәсімі өткізілді.

Аталған іс-шараны Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жас сарбаз»

жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалы ұйымдастырды.

Ұйымдастырушылар бұл іс-шара жасөспірімдердің әске-

ри-патриоттық сезімдерін ояту, жастардың санасын жаңғырту, төл тарихын білетін, бүгінгі бағалайтын, тәуелсіздігін көзінің қарашығындай қорғайтын ұлағатты жас өрендердің қатарын

толықтыруға бағытталғанын айтты.

Іс-шараға арнайы келген ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, генерал-майор Марат Нағуманов жас сарбаздарға сәттілік тіледі. Мектеп-лицейі тәрбиеленушілерінің ант қабылдау рәсімінен кейін «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мейірбек Меңдіғалиев жас сарбаздарға күлкілерді табыс етті.

«Бүгін келешек ұрпақ Рақымжан атамның 100 жылдығы қарсаңында тәуелсіз Отанымыздың жарқын болашағына өз үлесін қосуға салтанатты түрде ант қабылдады. Сіздер жас сарбаз ғана атанған жоқсыздар, еліміздің нағыз патриоты болдыңыздар. Сондықтан да Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген сөзін берік ұстануларыңыз керек. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның тұғыр-тірегі, үкілі үміті – сіздерсіздер» деді Мейірбек Меңдіғалиев.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Қазіргі таңда, қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік өзгерістер мен жаһандану үдерістері отбасы құндылықтарына, әсіресе әкелердің бала тәрбиесіндегі рөліне ерекше назар аударуды қажет етеді. Осыған орай, №81 «Astana English School» халықаралық мектебінде «Рухты ұрпақ – ел тірегі» атты әкелер форумы ұйымдастырылды.

ӘКЕГЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ

Форумның басты мақсаты – әкелердің бала тәрбиесіндегі маңызын насихаттап, ұлтжанды, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу мәселелерін тереңінен талқылау, сондай-ақ әкелер мен мектептің біртұтас тәрбие жүйесінде тығыз ынтымақтастығын нығайту. Іс-шара барысында қатысушылар тек теориялық біліммен ғана шектелмей, іс жүзінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Республикалық Әкелер одағы Астана қаласы филиалының төрағасы Бекдайыр

бағдарламасын жүзеге асыру жолдарын көрсетті. «Әке болуға бала кезден дайындалу» атты тақырыпта әке рөлінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің маңызы екені, болашақ әкелерді бала кезден отбасылық құндылықтарға баулуың қажет екендігі айтылды.

Форум аясында ұйымдастырылған практикалық секциялар, соның ішінде «Тоғызқұмалақ», «Үстел теннисі», «Роботты техника», «Мобилография қырлары», «Сингапурлық математика» секілді



Қүзембай, отбасылық психолог Ержан Мырзабаев, кәсіпкер әрі Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы Ботагоз Ахтаева, жаттықтырушы және мектебіміздің әкелер кеңесінің төрағасы Марат Көшкінбаев өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Олар бүгінгі қоғамдағы отбасы институты, әкенің бала тәрбиесіндегі маңызы рөлі, сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялар дәуірінде әке болудың қиындығы жайлы өзекті мәселелерді қозғады.

«Әке – махаббатының маңызы» тақырыбы аясында баланың психологиялық және эмоционалды дамуына әкенің махаббаты мен қауіпсіздігі қалай әсер ететіндігі тереңінен талқыланды. «Әлеуметтік желі мен интернет дәуірінде әке болу: шекаралар мен қауіпсіздік» тақырыбында бүгінгі таңда балалардың интернеттегі белсенділігі мен ақпараттың қауіптері сөз болды. Әкелерге цифрлық қауіпсіздік пен балаларды интернеттің зиянды әсерінен қорғау жолдары түсіндірілді. «Бақытты отбасының сырлары» тақырыбы отбасы ішіндегі қарым-қатынасты нығайтып, бала тәрбиесінде «Біртұтас тәрбие»

іс-шаралар әкелерге балаларымен бірлесіп уақыт өткізудің және олардың қызығушылықтарын қолдаудың маңызын көрсетті. Бұл секциялар әкелерге балаларының танымдық қабілеттерін дамытудың жаңа жолдарын үйретіп, олардың мейірімді қарым-қатынас орнатуына септігін тигізді. Сонымен қатар, әкелер мен балалар арасындағы тығыз байланысты нығайтып, баланың рухани дамуына оң әсер етіп қана қоймай, жалпы қоғамның рухани-мәдени дамуына да ықпал етеді. Осы форумнан алған әсерлер мен ұсыныстар арқылы біз болашақ ұрпақты рухани мықты, ұлттық құндылықтарға адал етіп тәрбиелеуде әкелердің рөлін күшейту жұмыстарын жалғастырамыз деп сенемін.

Тоғжан КАРТАЕВА,
№81 «Astana English School» халықаралық мектебінің директоры

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ӨЗІҢНЕН БАСТА

Қоғам заманына қарай үздіксіз дамып отырады. Сол қоғамды дамытып, өркендетуші, алға жетелеуші күш – білім мен ғылым. Білім дамымаған жерде қоғам заман талабынан шеткері қалып қояды. Мен бүгінгі заманның адамы ретінде қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге жаңаша көзқараспен қараймын.

Біз – бүгінгі заманның болашаққа қарыштап қадам басқан, өзге елдегі замандастарымызбен тең дәрежеде бәсекеге түсе алатындай біліммен қарулануға ұмтылған қоғамның мүшелеріміз. Жас жеткіншек ретінде айналадағы болып жатқан өзгерістерге бейжай қарамай, өзіңді заманға сай дамыту – ол біздің парызымыз деп түсінемін. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деп қазақ атамыз даналықпен айтқан екен. Заман бір орында тұрмайды, адам да сол заманауи өзгерістерден кеш қалмай, үнемі үздіксіз даму үстінде болуы керек деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда білім аламын, өзімді жетілдіремін деген мектеп қабырғасындағы шәкіртке барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Ата-аналарымыздың айтуынша, олардың бала кезінде ғаламтор,

көзді ашып-жұмғанша ақпарат алмасу, қосымша білімді жетілдіру, қашықтан білім алу деген мүлдем болмағанын білеміз. Ал бүгінгі таңда бізге осының бәрі қолжетімді. Сабаққа дайындалуда біліміңді жетілдіруге арналған ақпараттарды оңай тауып алуға мүмкіндіктер жетіп артылады. Барлық бала ата-ана тарапынан ғаламторға қосыла алатын ұялы телефонмен қамтамасыз етілген. Әрине, әр бала ата-анасының үмітін ақтап, ұялы телефонды, гаджет, ноутбуктарды тек пайдалы білімге ғана қолдануы тиіс. Өйткені зиянды сайттарға қолжетімділік қазіргі кезде бала өміріне қауіп төндірері анық. Ата-аналарымыздың бізді осы жағынан бақылап, тексеріп отыратынына өз басым еш қарсы емеспін. Өйткені ата-ана өз баласына тек қамқор болу

мақсатында бақылау жүргізеді. Мектепке келуге уақыты болмаса да, біздің қай пәннен қандай баға алып отырғанымызды электронды журнал арқылы білсе, кешіккен-кешікпегенімізді, сабақтан соң қай жерде екенімізді қажетті қосымшалар арқылы қашықтан бақылай алады. Бұл да бүгінгі таңдағы қоғамдағы өзгерістердің бірі және ол адамдарға тиімді.

Ғылыми жұмыстар, ізденіс жұмыстарын жазуда үй жағдайында мүмкіндік болмаса, мектепте қалып, өзіңе қажетті презентация жасау, материалдарды өңдеу, басып шығару сияқты әрекеттер бізге қолжетімді. Біліміңді жетілдіру үшін арнайы білім платформалары да бар. «Дарын онлайн», «Онлайн мектеп» т.б. қосымша білім алу көздеріне де мүмкіндіктер



баршылық. Демек, бүгінгі таңда даму үшін ізденімін деген жасөспірімге мүмкіндіктер көп. Мен осының барлығын мектеп қабырғасындағы оқушы үшін қоғамдағы оңды өзгерістер деп айтар едім. Тек әр бала осы жоғарыда мен атап көрсеткен нәрселерде қолында барды пайдалы білімге жұмсауға негізделсе, ол алдағы уақытта жоғары оқу орнына барғанда, еш қиналмайды. Өйткені қоғам бір орында тұрмайды,

ол заман ағымына сай дами береді. Біз қазір өмір сүруіңе, білім алуыңа қолайлы мүмкіндіктерден қалыс қалуға болмайтын заманда өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан заман көшінен қалыс қалмай, айналада болып жатқан өзгерістерге сай өзгеріп отырумыз қажет деп ойлаймын. Сабақ барысында да тапсырмаларды орындауда мұғалім тарапынан берілетін тиімді әдістер арқылы тапсырма орындау бізге жеңіл әрі қызықты.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» шығарар болсам, заман өзгереді, қоғам да заман ағымына сай бір орында тұрмайды. Сол заманауи көштің соңынан қалмай, өзгерістерге тола қоғамда барды бағалап, әр мүмкіндіктің қадірін біліп, үйренетінін үйреніп, жетіліп отыруға тиіспіз, себебі біз – болашақтың иесіміз, еліміздің ертеңіне жауапты тұлғалармыз. Сондықтан заман көшінен қалмайық!

Кәусар ӨТЕГЕНОВА,
Астана қаласының Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғаршы» мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы

ӘЙЕЛ САУЛЫҒЫНЫҢ САҚШЫСЫ



Акушер-гинеколог мамандығы медициналық біліммен қоса, эмоционалды қолдау мен сыни жағдайларда жылдам шешім қабылдау қабілетін қажет етеді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс гинеколог-эндокринологі, Астана медицина университеті интернатурасы акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі Айкерім Дошанова табысты акушерге қандай дағдылар мен қасиеттер қажет, сондай-ақ акушерліктің қазіргі заманғы үрдістері мен перспективалары туралы айтып берді.

мамандық деп санаса да, мен 3-курста Акушерлік және гинекологияны таңдадым. Акушерлік бөлімде алғаш тәжірибеден өткен кездің өзінде-ақ мен бұл іске бірден ғашық болдым. Менің таңдауымды қолдағаны үшін отбасыма алғыс айтамын» дейді Айкерім Дошанова.

Кейіпкеріміздің кәсіпқойлығының жарқын мысалдарының бірі – 32 жастағы әйелді оның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп тұрған кеселден аман алып қалуы еді.

«Бұл науқастың жүктілігінің 37-аптасында болған оқиға еді. Медициналық тексеру кезінде әйелдің ағзасында ауыр асқын бар екені белгілі болды. Мұндай жағдай әйелдің өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді, өйткені ол тоқтаусыз қан кетуді тудыруы мүмкін. Жағдайдың күрделілігін ескере отырып, біз кесарь тілігін жасау туралы шешім қабылдадық. Бірақ ауыр қан кетудің алдын алу үшін біз қан тамырларын эмболизациялау әдісін қолдануға жүгіндік. Бұл – өте сирек кездесетін және техникалық жағынан күрделі хирургиялық процедура. Бірақ медицинаның ең жаңа технологиялармен қамтамасыз етіп отырған мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің қолдауының және ауруханамыздың бас дәрігерінің мақұлдауының, сондай-ақ әріптестеріміздің кәсіби іс-әрекеттерінің арқасында біз осы күрделі процедураны жүзеге асыра алдық. Операциядан кейін бірнеше күн оның жағдайын тәулік бойы бақылап отыруға тура келді, өйткені ең кішкентай өзгерістер ауыр асқынуларға алып келуі мүмкін. Бұл менің тәжірибемдегі ең ұмытылмас

жағдайлардың бірі болған шығар» дейді ол.

Әйтсе де, мұндай қиындықтарға қарамастан, акушер-гинекологке өз кәсібі көптеген жағымды эмоциялар әкеледі. Оның айтуынша, пациенттердің алғысы – емдеу сапасының негізгі көрсеткіші және әрі қарай сапалы жұмыс істеуге ынталандыратын таптырмас қолдау.

«Менің тәжірибемде көптеген әсерлі оқиғалар болды, бірақ солардың бірі ерекше есте қалды. Бірнеше жыл бұрын мен жатырында тыртықтары бар науқасты босандырдым. Бұл – әрқашан ерекше сақтықты қажет ететін қиын жағдай. Бақытымызға орай, бәрі ойдағыдай өтті. Әйел салмағы 4700 грамм баланы аман-есен дүниеге әкелді. Алты ай өткен соң ол маған үлкен гүл шоқтарымен келді. Бұл – оның Израильдегі туыстарының сыйы екені белгілі болды. Олар операцияның күрделілігіне таңданып, оны маған тапсыруды өтініпті» деп еске алады акушер-гинеколог күлімсіреп.

Айкерім Дошанова дәрігердің негізгі міндеті – әйелдің бала кезінен бастап кәрілікке дейінгі денсаулығын, сондай-ақ болашақ баланың денсаулығын қорғау деп санайды. Ал бұл – салауатты өмір салты, спорт, дұрыс тамақтану туралы үлкен профилактикалық және түсіндіру жұмыстары екені белгілі.

«Акушерлік және гинекология саласындағы тәжірибелі маман ретінде біздің басты міндетіміз, ең алдымен, бүкіл халықтың репродуктивті әлеуеті мен денсаулығын сақтау деп санаймын. Ең алдымен, біз қыздар мен жасөспірімдерге ерекше назар аударамыз, олардың



жалпы денсаулығын ғана емес, репродуктивті денсаулығын сақтау үшін жұмыс істейміз. Жас кезден бастап ағзаңызға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру өте маңызды. Сондай-ақ өмірінің жаңа кезеңіне аяқ басқан 40 жастан асқан әйелдермен жұмыс істеу де маңызды. Көбінесе осы кезеңде олар денсаулығына назар аударуды тоқтатады. Әйелдердің денсаулығын сақтау әр әйел үшін бірінші кезектегі міндет болуы керек екенін атап өткізетін келеді. Бұған акушер-гинекологтар көмектеседі» деді Айкерім Дошанова.

Әрбір әйел тұрақты гинекологиялық тексеруден өту олардың денсаулығына қамқорлық жасаудың маңызды бөлігі екенін білуі керек. Маманның айтуынша, гинекологқа бару аурудың пайда болуын болдырмау немесе оларды уақтылы емдеу үшін қажет.

«Мен акушер-гинеколог ретінде барлық әйелдерге жылына кемінде бір рет гинекологқа үнемі баруды ұсынамын. Бұл профилактикалық тексерулер жүргізуге және қажет болған жағдайда кез келген проблеманы жедел анықтауға және жоюға мүмкіндік береді. Өйткені әйелдердің ішкі мүшелерінің жағдайын өз бетінше бағалау мүмкін емес. Тексерулердің маңызды себептерінің бірі – жатыр мойны обырының даму қаупі. Сонымен қатар, қауіпті патологиялардың, соның ішінде онкологиялық аурулардың алғашқы белгілері жиі кездеседі. Бірақ оларды арнайы тексеру кезінде білікті дәрігер ғана ерте анықтай алады. Жатыр мойнының жағдайын диагностикалау үшін арнайы сынақтар қажет. Тек зертханалық зерттеулер қарапайым көзге көрінбейтін нормадан шамалы ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда емдеу-диагностикалық бастау көптеген жылдар бойы денсаулық үшін шешуші факторға айналады» деп түйіндеді акушер-гинеколог.

Мөлдір ЛЕЗБАЕВА

ДИАБЕТ МЕКТЕБІ

Соңғы кезде қант диабетімен ауыратындар көп. Тіпті жастар арасында да жиі кеткені алаңдатады. Оның себебі көп. Сондықтан қант диабеті әлеуметтік маңызы бар аурулардың қатарына жатады.

Қант диабеті медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетілетін әлеуметтік маңызы бар аурулар тізбесіне енгізілген. Бүгінде №11 қалалық емханада бірнеше денсаулық мектептері жұмыс істейді. Оның бірі – «Қант диабеті» мектебі.

«Қант диабеті» ауруына мемлекет тарапынан ерекше назар аударылғандықтан денсаулық мектебі онымен тиімді күресуге ықпал етеді. Онда ауруды дұрыс емдеу және асқынуларды алдын алуға және пациенттердің өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыруға көмектеседі. Бұл азаматтардың денсаулығын сақтау ғана емес, қант диабетінің асқынуын емдеуге кететін уақыт пен шығындарды азайтады. Қант диабеті мектебінде осы аурумен ауыратын адамдарға көмек беріледі. Ол үшін эндокринолог дәрігер, Салауатты өмір салтын

**ҚАЗАҚСТАНДА
15 ЖЫЛ ІШІНДЕ
ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН
АУЫРАТЫН НАУ-
ҚАСТАРДЫҢ
САНЫ 3,5 ЕСЕ ӨСТІ**

қалыптастыру дәрігері және психолог мамандары бірігіп жұмыс істейді. Жоспар және бағдарламалар бойынша пациенттерге икемділік пен қолжетімділікті қамтамасыз ететін жеке және топтық түрде сабақ жүргізіледі. Қант диабетін басқарудың маңызды аспектілерін тиімді қамту үшін сабақтың ұзақтығы 40 минуттан 50 минутқа дейін созылады. Топтағы қатысушылардың саны 5-7 адамға дейін, яғни әрбір пациентке жеке және мұқият назар аударуды қамтамасыз етеді.

Бірде емханада мынадай қызық жағдай болды. Емханаға жаңадан тіркелген науқас біраз адамдардың мәжіліс залына қарай кіріп бара жатқандарын көріп, қызығушылық танытып ілесе кірген. Сөйтіп сабаққа қатысқан. Сол күні жоспар бойынша пациенттерге қандағы қант деңгейін тексеру техникасын үйрету және өзін-өзі бақылау сабағы болатын. Эндокринолог глюкометрмен барлық пациенттердің қант деңгейін тексеріп, үйретіп жатқан болатын. Сол кезде әлгі пациенттің де саусағынан қан алып талдау жасағанда, қант деңгейі өте жоғары болған. Дерек бақылауға алынып, емдік шараларын жасап, диспансерлік есепке алынды. Бұл оқиға сол жердегі науқастарға да сабақ болды.

**Гүлжанат ОРЫНБАСАР,
Астана қаласы
№11 қалалық емхана
ның салауатты өмір
салты дәрігері**

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕДІ

Компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография және ультрадыбыстық зерттеуден МӘМС шеңберінде сақтандырылған қазақстандықтар тегін өте алады. Бұл туралы ҰОС ардагерлеріне арналған орталық клиникалық госпиталь директоры Динара Уразалина айтты.

Дәрігердің айтуынша, учаскелік және жалпы практика дәрігерлері – бұл салалық дәрігерлердің құзыреттерін біріктіретін әмбебап мамандар. Олар белгілі бір диагноз қоя алады, ең көп таралған аурулар бойынша ұсыныстар беріп, емдеу жүргізе алады.

«Егер пациент учаскелік терапевтке бас ауруы туралы шағыммен келген болса және бірінші рет жоғары қан қысымы анықталса, онда терапевт белгілі бір зерттеулер жүргізіп, емдеуді өздігінен тағайындай алады. Бірақ егер ол тексеру барысында басқа патологияларға күдік туындаса (мысалы, қан тамырларының тарылуы, жүректің дұрыс жұмыс істемейуі), онда ол салалық

мамандық – кардиологқа жібереді» дейді ол.

Көпшілік «Емханаға тіркелген кез келген пациент өз ауруханасында КТ, МРТ, ультрадыбыстық зерттеуден тегін өте ме?» деген сауалды жиі қояды екен.

«Сақтандырылған қазақстандықтар компьютерлік томографиядан, магниттік-резонанстық томографиядан және ультрадыбыстық зерттеуден тегін өте алады. Сондай-ақ зерттеудің бұл түрлері әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулары бар пациенттерге ТМККК шеңберінде жүргізіледі. Егер емтиханға жазылуды 10 күннен артық күту керек болса, онда пациент КТ, МРТ немесе ультрадыбыстық жүргізу үшін медициналық ұйымды өз бетін-



ше таңдай алады. Клиникада сіздің емханаңызбен келісім-шарт болуы міндетті емес, ең бастысы, ол әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қызметтерін жеткізуші болуы керек, олардың тізімін қордың веб-сайтынан www.msforqy.kz көруге болады» деп жалғастырды.

Ұйымды таңдағаннан кейін терапевттен жолдама сұрап, тексеруден өту керек. Қызметті алғаннан кейін Қордың төлем жүйесінде бірлесіп орындау шарты автоматты түрде қалыптастырылады. Бейінді мамандар міндетті консультацияға жолдау және учаскелік дәрігер тек айғақтар бойынша зерттеудің қандай да бір түріне жолдама бере алады.

«Пациентке қандай да бір қымбат консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетуден бас тарту мүмкін емес. Бірақ сіз дәрігердің негізсіз немесе пациенттің қалауы бойынша жолдама бере алмайтынын түсінуіңіз керек. Дәрігер шағымдарды, объективті мәртебені бағалап, белгілі бір зерттеулер жүргізіп, содан кейін ғана емтиханға жіберуі керек. Науқастың қалауы көрсеткіш болып табылмайды» деп түйіндеді Динара Уразалина.

2022 жылдың қорытындысы бойынша тендердің көлемі 5,8 триллион теңгені құраса, 2023 жылы 6,6 триллионға жетті. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында 100 мыңнан астам өнім беруші және 25 мыңнан астам тапсырыс беруші тіркелді. Жыл өткен сайын тендердің көлемі ұлғайып, оған қатысушылар саны артып келеді. Жемқорлық тәуекелі осы салада жоғары екені тағы анық. Осыған алаңдаушылық білдірген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алу жүйесін түбегейлі реформалауды ескертті. Тиісінше, Үкімет тиісті заңға өзгеріс пен толықтыру енгізді, мұны қос палаталы Парламент қолдады. Сатып алу конкурсы мүлде жаңа жүйеге бет алып, енді бағаның төмен болуы ғана емес, тауар мен қызметтің сапасы басымдыққа ие болуы тиіс-ақ. Біз Қаржы министрлігі мен сарапшы мамандардан осы бағыттағы жұмыстарды сұрадық.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ТЕНДЕРГЕ
ӨРКІМНІҢ-АҚ
ТАЛАСЫ БАР

Бұрын ғарышкер болғысы келетін балалар қазір кәсіпкерді таңдайды. Ал кәсіпкерлер тендерден олжалы болғанды қалайды. 2023 жылы zakurki.kz сайтында 20 мыңнан аса тапсырыс берілсе, 83 мыңнан аса жеткізуші тіркелді. Бір ғана ақпан айында 622 мыңнан аса лот жарияланып, мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылды.

Енді тендер деген не, оған кімдер, қалай қатысуға болатыны туралы анықтап алайық.

«Тендер жаса»
компаниясы сату
бөлімінің басшысы
Жанерке ШАЛҚАР:

– Тендер – мемлекет өзіне қажетті тауар мен қызмет түрлерін сатып алатын процесс. Мұндағы мемлекет – Президент аппаратынан бастап Үкімет, министрлік, барлық деңгейдегі әкімдік, сондай-ақ бюджеттік мекеме – мектептер мен балабақшалар, ауруханалар мен емханалар, тағы басқасы. Тендер тәсілдері – конкурс, аукцион, баға ұсынысын сұрату, электрондық дүкен, бір көзден алу, тауар биржасы, электрондық дүкен, – деп қысқа түсіндірді.

Яғни тапсырыс беруші қандай өнімді немесе қызметті сатып алғысы келетінін хабарлап, оған техникалық сипаттама қосып, интернет-ресурста жариялайды. Тауар ұсынатын кәсіпкер өз нұсқасын ұсынады. Ең төмен баға көрсеткен тұлға жеңім-

ТЕНДЕР: ТРИЛЛИОНДАР ҚАЛАЙ ИГЕРІЛУДЕ?

паз атанады. Тендердегі жеңіс кәсіпкерлерге өз тауары мен қызметін ірі мөлшерде сатуға мүмкіндік береді. Тендерді жеке компаниялар да, мемлекеттік органдар да өткізе алады.

Тендер өткізілетін негізгі платформа – мемлекеттік сатып алу порталы (goszakur.gov.kz). Бұдан бөлек, «Самұрық-Қазына» АҚ және жер қойнауын пайдаланушылар порталын қосу керек.

Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Тағаев «Заң жобасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу конкурсы, аукцион, баға ұсынысын сұрату, электрондық дүкен арқылы, бір көзден алу тәсілінің бірімен жүзеге асады» деді.

Қызығы, бір көзден алу тәсіліне жүгінетіндер көп болып тұр. Мәселен, былтыр Ақмола облысы Аршалы ауданында жол жөндеуге 1 миллиард теңгені бір көзден бермек болған шенеунік жұмыстан қуылды. Мемлекеттік сатып алуда заң бұзу фактісі көп. 2023 жылы Астана қаласының прокурорлары тексеріс барысында 23 фактіні анықтап, 3,9 миллиард теңгенің заңсыз мемлекеттік сатып алу қорытындысын жойды. Мұндай фактілерді жүздеп, мыңдап келтіруге болады.

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ
ҚАНДАЙ?

АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Австралия және Қытай сынды озық елдердегі мемлекеттік сатып алу жүйесін талдайық.

1972 жылы АҚШ-та Федералды реттеу туралы, 1984 жылы Федералды сатып алу ережелері заңды түрде мемлекеттік сатып алу механизмін іске асыруға мүмкіндік берді. Бүгінде штаттарда мемлекеттік сатып алу ел бюджетінің 15 пайызын құрайды.

ЕО-да сатып алуды ұйымдастырудың 2 моделі бар. Яғни бөлінген (орталықтандырылмаған) және орталықтандырылған. Германиядағы мемлекеттік сатып алудың ерекшелігі – экономикалық тиімділік арзан тауарлар мен қызметтерді білдірмейді. Мәселен, қоршаған ортаға әсер ететін тапсырыс туралы сөз болғанда, өндіріске ең қолайлы жеткізуші таңдалады. Ондағы электрондық сатып алудың маңызды аспектісі – ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялығын сақтау. Яғни үшінші тұлғаға ақпарат қолжетімсіз болуы тиіс.

Австралияның мемлекеттік сатып алу секторы «value for money» (ақшаның құны) принципі негізінде ұсынылады. Бұл принцип тиімділікті анықтаудың белгілі бір тұжы-

рымдамасы саналады. DOFA веб-сайтында жарияланған тапсырысты сатып алу конкурсы кезеңінде жақсы нәтижеге қол жеткізгендер алады.

2002 жылы Қытайда мемлекеттік сатып алу туралы заң (GPL) күшіне енді. Осы заңға сәйкес, басқа елдердегі мемлекеттік сатып алу жүйесінен ерекшеленетін ережелер бар. Мемлекеттік органдары мен заңды тұлғалары, импорттық тауарлардан 20 пайызға қымбат тұратын жағдайды қоспағанда, отандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға міндетті. Сондай-ақ тауардың тізбесін, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін, өзге шарттарын реттейтін басқа да заңға тәуелді актілер бар. 2012 жылы мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты орналастыру үшін Қытайдың бірыңғай ресми сайты іске қосылды. Бұл сайтты Қытайдың Логистика және сатып алу федерациясы (CFLP) құрып, басқарады және қатысушыларға ақпарат береді.

«Әлемдік экономикалық қатынастардағы халықаралық тендерлер» атты тақырыпта зерттеу жүргізген ғалым Александр Ладягиннің дерегінше, әлемдік сауда айналымының 20 пайызы тендер арқылы іске асады. Кейбір ірі елдерде бұл сатып алулар ЖІӨ-нің 10-15 пайызына жетеді. Кем дегенде 50 мил-

лиард доллар жыл сайын ірі халықаралық ұйымдар мен даму банктерінің тендерлік бюджетіне қол жеткізеді.

Қазір не көп, тендер үйрететін орталық көп. Офлайн форматта оқыту франшизасын сағатындар аз емес. Wildberries, Kaspi-ден табыс табудың қыр-сырын оқытуға шақыратындар да бар. Тендерді меңгеріп, халықтың табысы артса мейлі ғой, бірақ бұл салада да сыбайластардың дәурені жүріп тұрғаны жасырын емес. Спикер Ғалымжан Тағаев айтқандай, жаңа заңда мемлекеттік сатып алу конкурсының ашықтығы мен жариялығы жан-жақты қамтамасыз етілсе жақсы.

Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитеті
төрағасының орынбасары
Ғалымжан ТАҒАЕВ:

– Заң жобасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинауды, талдауды, жүйелеуді және бағалауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган веб-портал арқылы және ондағы ақпарат негізінде мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізеді.

Заң жобасының мақсаты – сатып алынатын тауардың жұмыстың және қызметтің сапасын арттыруға, сатып алу рәсімін оңайлатуға, бюрократиядан арылтуға және одан әрі автоматтандыруға маңыз беріледі.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінің деректерін кеңінен пайдалану арқылы бағалық емес критерийлерді әзірлеу, қоғамдық бақылауды енгізу, рәсімдерді өткізу мерзімін қысқарту, шағымдану тәртібін қайта қарау көзделді, – деп түсіндірді.

«Әлемдік экономикалық қатынастардағы халықаралық тендерлер» атты тақырыпта зерттеу жүргізген ғалым Александр Ладягиннің дерегінше, әлемдік сауда айналымының 20 пайызы тендер арқылы іске асады. Кейбір ірі елдерде бұл сатып алулар ЖІӨ-нің 10-15 пайызына жетеді. Кем дегенде 50 мил-

лиард доллар жыл сайын ірі халықаралық ұйымдар мен даму банктерінің тендерлік бюджетіне қол жеткізеді.

ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бұған дейін мемлекеттік сатып алу конкурсынан жеңімпаз болған компанияға жеңілгендер сотқа шағымданып, үсті-үстіне арыз жаз-

P.S: Тендердегі триллиондар қалай игерілуде? Бұл сұраққа нақты жауап беру қиын.

Тендердегі триллиондардан еншісін алып, Дубай, Лондон, Париж, Ыстанбұл және басқа қымбат қалалардан қос-қостан тұрғын үй сатып алып жатқан болар. Мейлі, байыса, қазақ байысын! Тек мемлекеттік сатып алу конкурсы мемлекеттің мүддесіне жұмыс істесе болғаны.

КОНКУРС ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРАДАДЫ

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңда жеткізушілерді автоматты түрде таңдау тетігі қосылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның енгізілуімен (2025 жылғы 1 қаңтар) жеткізуші туралы ақпарат түрлі дерекқорды пайдалана отырып қалыптасады. Бұл сатып алудың барлық түрі бойынша баға мен сапа критерийін біріктіре отырып, жеткізушілерді автоматты түрде таңдауға көшуге мүм-

кіндік береді. Бұл туралы ҚР Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейіл айтып берді.


«Мемлекеттік сатып алу туралы заңда мемлекеттік келісімшарттарды бөлу кезінде ашықтықты, бәсекелестікті және тең құқықты қамтамасыз ету бойынша бірқатар шара қарастырылған. Атап айтқанда, құжат қоғамдық мо-

ниторингті, әсіресе құрылысқа байланысты жұмыстарды енгізуді көздейді» делінген хабарламада.

Бүгінде конкурсты өткізу мерзімі шамамен 2 айды құрайды. Жаңа заң кейбір жағдайларда процедураларды 2 жұмыс күніне дейін қысқартады.

«Мемлекеттік сатып алу

туралы» жаңа заңға сәйкес, әлеуетті өнім беруші оның басшысы немесе құрылтайшылары, егер олар бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған болса, мемлекеттік сатып алуға қатыса алмайды. Заңда мүдделес компаниялардың сатып алуға қатысуын шектеу жөніндегі шаралар, сондай-ақ өнім берушінің келісімшарттағы міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше сақтамағаны үшін жауапкершілік қамтылған.



Журналистика туралы, оның жанрлық ерекшелігі, қоғамдағы орны туралы дау-дамай, талас, пікірлер бүгінгі күнге дейін толестар емес. Қайта-қайта журналистика деген не, оның этикалық мәселелері дегеніміз не, оның қоғамдағы алатын орны қандай? – деген мәселелер үнемі талас-пікірлер туғызуда.

Журналистикаға мұқият зер салған адам бір нәрсені анық біледі. Ол журналистиканың бағыты, мазмұны, негізінен, тұлғаға байланысты. Тұлға өзінің мектебін қалыптастырып, журналистикаға бағыт-бағдар береді, шәкірттер дайындайды. Журналистиканың бүгінгі мен ертеңгісін бағамдайды. Журналистикада тұлғалар болмаса, журналистердің жазатын тақырыптары да сүреңсіз болуы мүмкін. Әрі қарай бармай-ақ Кеңес заманынан мысал алсақ, қазақ журналистикасының бағыт-бағдарын анықтауда Шерхан Мұртазаның орны ерекше болды. Ол кісі көптеген шәкірттер дайындап, қазақ журналистикасының бағыт-бағдарын анықтап еді.

Журналистика ерекше талантты қажет етеді. Ол – әдебиетші емес, әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы емес, бірақ осылар туралы қалам тербейтін ерекше адам. Журналист – қоғам өміріндегі белсенді тұлға, оның аңғармайтын, байқамайтын, мән бермейтін тақырыбы болмайды. Осындай күрделі іспен Қайрат Сақ мырза белсене араласып келеді. Ол – кәсіби білімі бар журналистік салада әбден ысылған тұлға. Қайрат Сақ мырзаның басшылығымен елімізде жүздеген, мыңдаған шәкірттер даярланды. Олар қазақ басылмдарында қызмет атқаруда.

Қазіргі кезде журналистика сан қырлы. Радиожурналистика, тележурналистика тағысын тағы солай кете бе-

ЖУРНАЛИСТЕР БАҒБАНЫ

Журналистика – әлемде аз уақыттың ішінде кеңінен тарап, қоғамдық-саяси және әлеуметтік мәселелерде өз орнын тапқан сала. Қазақ халқы үшін журналистика XIX ғасырда өріс ала бастады. «Айқап» және «Қазақ» басылымдары – қазақ халқының журналистика саласындағы айшықты беттері.



реді. Сондықтан журналист бір жағынан саясаткер, экономист, заңгер, тіптен, тарихшы деуге болады. Журналист барлық қоғамдық гуманитарлық білімдерден хабары бар, өте алғыр зерек тұлға болуы керек. Қайрат Сақ мырза Қазақстандағы журналистиканың, әсіресе Тәуелсіздік кездегі жағдайына белсенді араласып, көп еңбек атқарды.

Оның еңбек жолы шетелдердегі қазақтармен мәдени

байланыс жасайтын «Отан» қоғамының «Біздің Отан» газетінде тілші қызметінен бастау алады. Араб жазуын жетік білетіндіктен, белгілі библиограф-ғалым Ү.Сұбханбердинамен бірге «Дала уалаятының газеті» энциклопедиялық жинағының 4-5 томдарын құрастыруға атсалысты. 1993-1996 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің аспирантурасында білімін жетілдіріп, бір мезгілде кезінде саяси

құғын-сүргін салдарынан жабылып қалған «Қазақ» газетін қайта тірілтуге ұйытқы болды, 266-нөмірі болып жалғасын тапқан апталық бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Осылайша атақты алаш басылымының қазақпен қайта қауышуына зор үлес қосуы осы газеттің энциклопедиялық жинағын құрастыруға ұласты. Отандық және шетел ғалымдары жоғары бағалаған «Қазақ» газеті материалдарының жинағы «Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы» баспасынан 1997 жылы жарық көрді.

Қайрат Өмірбайұлы 1996 жылы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқытушылық қызметке шақырылды. Қазақ білімінің қара шаңырағында оқытушылықпен қоса «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы (1998-1999 ж.), «Қазақ университеті» баспасының директоры (1999-2000 ж.) қызметтерін жемісті атқарды. Университет басшылығы 2000 жылы педагогтық және ұйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалап, аталған оқу

орнының «Баспа ісі және редакциялау» кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындалды. Осы қызметті 8 жыл тапжылмай абыроймен атқарып, 2008 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректорының шақыруымен «журналистика» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 2010 жылы жаңадан ашылған «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының тұңғыш меңгерушісі қызметін атқара жүріп, журналистика және саясаттану факультетінің ашылуына зор үлес қосты. 2011 жылдан бері аталған факультеттің деканы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қайрат Сақ 2011-2017 жылдар аралығында қоғамдық негізде «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы директоры кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры міндетінде еліміздің тележурналистиканың дамуына үлкен үлес қосты. ҚР Президентінің ақпарат саласы бойынша сыйлық иелерін іріктейтін комиссия құрамында және сол кездегі ҚР Ақпарат

және коммуникация, ҚР Мәдениет және спорт министрліктері ұйымдастырған БАҚ саласы байқауларының қазылар алқасына мүше болып, еліміз журналистикасының дамуына елеулі еңбек сіңірді. 2018 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен бекіген еліміздің әдебиет бағытындағы мемлекеттік сыйлыққа үміткерлерді іріктейтін мемлекеттік комиссия құрамында болды.

Қайрат Сақ ғылыми ізденісінің нәтижесінде 1998 жылы «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси-әлеуметтік мәселелердің жазылуы» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын сәтті қорғады. 2002 жылы ҚР Ғылым және білім министрлігі ЖАҚ төралқасының шешімімен «Әдебиеттану» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алды. Оның ғылыми жетекшілігімен 1 ғылым кандидаты, 3 PhD докторы және ондаған магистр диссертацияларын сәтті қорғады. Қазір 6 PhD докторантына, 4 магистрантқа ғылыми жетекшілік етуде.

Қайрат Сақ мырзаның бергенінен берері мол тұлға. Қазақ айтады: «Алпыс тал тұс» деп. Солай болғай. Қайрат мырза алдында әлі де ұзақ сапар тұр. Ол – қазақ халқының журналистикасының өсу, өркендеу жолдары. Бұл жолдарда Қайрат Сақ мырза сияқты білімді, талантты, болашақты болжай алатын, әр нәрсенің парқын білетін тұлға қажет. Қайрат Сақты мен әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде әріптес болған кезден білемін. Сол кездің өзінде Қайрат мырза елдің назарын өзіне аударған қарымды журналист болатын. Бүгінде салиқалы ғалым, айтары мол тұлға.

Ғарифолла ЕСІМ,
академик

ҚАНАТТЫҢ «ҚОЛТАҢБАСЫН» КӨРІҢІЗДЕР

Елордада Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен әнші, актер, ақын, драматург Қанат Жүнісовтің шығармаларының он күндігі «Қолтаңба» атауымен өтіп жатыр. Өнер иесі биыл аса көрнекті мемлекет қайраткері, ардақты ақын, жазушы-драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына «Сәкен» фильм-концертін тарту етті. Он күндік Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мен қалалық мәліхат төрағасы Ерлан Каналимов тамашалаған осы туындының тұсаукесерімен ашылды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Фильм-концерттің сценарий авторы әрі режиссері – Қанат Жүнісов. Операторы және монтажын жасаған – Наршын Өрлеу. Туынды түсірілімі биылғы көктем-

де басталып, күз келгенше жалғасты. Онда жанр талаптарына сәйкес көркем және деректі фильмдер, театр элементтері астасып, музыка басты орынға шығарылды. Тарихи тұлғаның өмірі, ондағы шуақты кезеңдер, «тар жол, тайғақ кешкен» тағды-

ры суреттелетін туындыда өлеңдері оқылып, оның әндері мен оған арналған әндер берілетін бейнекөрініске сай шырқалады. Атап айтқанда, «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Көкшетау», «Ақсақ киік», композитор Мұратхан Егінбаевтың «Үш арыс», т.б. туын-

дылар жеке дауыста және көпшілік орындауда әуелейді. Фильм-концертке актер, композитор Олжас Жақыпбек арнайы музыка да жазды.

Сәкен Сейфуллиннің ұлғайған шағын Қанат Жүнісовтің өзі, ал жастық шағын Біржан Жүнісов сомдайды. Сәкенмен үзеңгілес Илияс Жансүгіров (әнші, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Құмарбек Қалқатай) және Бейімбет Майлин (Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының әртісі Айбұл Шәкіржанов) бейнелері де көрінеді. Сәкеннің музасын Саида Сағынова ойнайды. Түсірілім негізінен Сәкен жырылап, әнге қосқан сұлу Көкше жерінде, табиғат аясында өтті. Әндерді Қанат Жүнісов, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртістері Әнуарбек Бектас, Ақжан Құрмашев, Жасұлан Ерболат, Зәмзәгүл Смағұлова салды. Хормен орындауға Абзал Ақтемір қатысты.

Он күндіктің екінші күні Қанат Жүнісовтің қаламынан туған «Сәкен» операсының концерттік қойылымы (композиторы – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әліби Әбдінұров) ұсынылды. Драматургтің біраз пьесасы ел және Астана театрларының репертуарына енген. Кеше М.Горький



атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында «Әлия» драмасы көрсетілді. Бүгін «Жастар» театрында «Алғашқы махаббат» комедиясы өтеді. Ертең Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің әскери театры Халық Қахарманы Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арнап «Жеңіс жалауы» драмасын ұсынады. Сенбі күні Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында «Алаш жолы» қойы-

лымы, жексенбіде «Қанаттылар» инклюзивті театрында «Күле аласы ба?» комедиясы беріледі. 21 қазанда Музыкалық жас көрермен театрында «Өмір» моноспектаклінің премьерасы өтеді. 22 қазанда «Жастар» театрында «Пранк махаббат» комедиясы көрсетіліп, он күндік 23 қазан күні Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында «Сәкен сұңқар» тарихи драмасымен түйінделді.



№124 (4712) 17/10/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

21 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қол созған үміт», Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТИ». Реалити шоу
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Замандастар». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:25 «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...»
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН»
0:15 АҚПАРАТ
0:50 «Ашық алаң»
1:45 «Сана»
2:45 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:15 «Інжу-маржан»
4:55 «Ауылдастар»



5:00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
7:00 «ОЯНИ!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВОДОВОРОТ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҮЛКЕН ҮЙ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШАШУ»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «МАМА ЛОРА»
18:00 «АРМАН ҚАЛА» телехикаясы
18:30 НОВОСТИ
19:00 «ӘЛЕУМЕТ»
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҮЛКЕН ҮЙ»
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «МАМА ЛОРА»

ASTANA TV

06:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультсериал
09:00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10:00 «Адақсан сезім» телехикаясы
11:25 «Жігіттің сабадары» телехикаясы
13:15 «Бажа» телехикаясы
14:10 «На твоё стороне» телесериал
15:00 «Жертва любви» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21:55 «Адақсан сезім» үнді телехикаясы
23:25 «Мүрагерлер» телехикаясы
01:00«Тақ тартысы» телехикаясы
02:00 «На твоё стороне» телесериал



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 Многосерийный фильм «ПЛАЦЕНТА»
